

Қостанай облысының әкімшілік - аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2009 жылғы 31 шілдедегі № 214 және әкімдіктің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 6 бр бірлескен шешімі мен қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 26 тамызда № 3688 тіркелді

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы", "селолар", "селолардың", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы", "ауылдар", "ауылдардың", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 6) тармақшасына, 11-бабына сәйкес және жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың пікірін есепке ала отырып Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Барлық тұрғындардың көшіп кетулеріне және қоныс аударуларына байланысты мына елді мекендер таратылсын:

- Жангелдин ауданы Албарбөгет ауылдық округінің Жартоғай ауылы,
Жангелдин ауданы Қызбел ауылдық округінің Шобан ауылы,
Науырзым ауданы Шолақсай ауылдық округінің Қазан ауылы.
2. Тұрғындар саны 50 – ден кем емес мынадай ауылдар таратылсын:
- Жангелдин ауданы Ақшығанақ ауылдық округінің Ақмедия ауылы,
Жангелдин ауданы Ақшығанақ ауылдық округінің Қазасалған ауылы,
Меңдіқара ауданы Борков ауылдық округінің Новоборки ауылы,
Меңдіқара ауданы Буденный ауылдық округінің Маков ауылы,
Меңдіқара ауданы Введен ауылдық округінің Каренин ауылы,
Меңдіқара ауданы Краснопреснен ауылдық округінің Целинный ауылы,
Меңдіқара ауданы Теңіз ауылдық округінің Талапкер ауылы,
Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің Киев ауылы,
Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің Новострой ауылы,
Науырзым ауданы Науырзым ауылдық округінің Науырзым ауылы,
Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округінің Костычев ауылы,
Федоров ауданы Костряков ауылдық округінің Новоукраин ауылы.

3. Таратылған ауылдық елді мекендер мына ауылдардың құрамына енгізілсін:

Ақмедия ауылы Жангелдин ауданы Ақшығанақ ауылдық округінің Ақшығанақ ауылының құрамына,

Қазасалған ауылы Жангелдин ауданы Ақшығанақ ауылдық округінің Ақшығанақ
ауылының құрамына ,

Новоборки ауылы Меңдіқара ауданы Борков ауылдық округінің Борки ауылының
құрамына ,

Маков ауылы Меңдіқара ауданы Буденный ауылдық округінің Буденный ауылының
құрамына ,

Каренин ауылы Меңдіқара ауданы Введен ауылдық округінің Введен ауылының
құрамына ,

Целинный ауылы Меңдіқара ауданы Краснопреснен ауылдық округінің Красная
Пресня ауылының құрамына ,

Талапкер ауылы Меңдіқара ауданы Теңіз ауылдық округінің Теңіз ауылының
құрамына ,

Киев ауылы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің Қараменді ауылының
құрамына ,

Новострой ауылы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің Қараменді
ауылының құрамына ,

Науырзым ауылы Науырзым ауданы Науырзым ауылдық округінің Қожа ауылының
құрамына ,

Костычев ауылы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округінің Лесной
ауылының құрамына ,

Новоукраин ауылы Федоров ауданы Костряков ауылдық округінің Запасный
ауылының құрамына .

4. Қамысты ауданының Алтынсарин ауылдық округі Алтынсарин ауылы,
Науырзым ауданының Науырзым ауылдық округі Қожа ауылы,
Науырзым ауданының Шолақсай ауылдық округі Шолақсай ауылы болып қайта
құрылсын .

5. Осы бірлескен шешім мен қаулы, оның бірінші ресми жарияланған күнінен он
күнгізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі төрағасы _____ С. Кулагин	Қостанай облыстық мәслихатының кезекті, тоғызыншы сессияның төрайымы _____ Л. Гальцова
	Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы _____ Ғ. Сағиев